

## **Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 81 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 7100 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 62 "Ашық деректер интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4337 тіркелген) және 2020 жылғы 19 қазандағы № 236 "Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 62 "Ашық деректер интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6435 тіркелген) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ақпараттандыру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының басшысы Б.Ә.Батаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысының әкімі*

*Г.Искалиев*